


БЛАВАТНИК ЛЕОНИД ВАЛЕНТИНОВИЧ



ОРЫНДАҒАН: БОҚАНОВА А.Е., АФ 19-13

ТЕКСЕРГЕН: ТОБЫЛОВ К. ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ

КАНДИДАТЫ



Блаватник Леонид Валентинович 1957 жылдың 14 маусым күні ауқатты отбасыда дүниеге келген (бір деректе Ярославлда, екінші деректе Одессада делінген). Үйдің екінші баласы. 1964 жылы №33 Ярослав физико-математикалық мектебінде оқыды, ата-анасы ғылымға деген ұмтылысын ертеден байқаған.



Мектеп кездері Леонид ағасымен «Юность» киностудиясына барды. Ағасы екеуі түрлі түсті пленканы өңдеуге арналған машинаны құрап жинақтаған. Бұл аппаратты көп жылдар бойы өңірлік теледидарда қолданылды. 1978 жылы отбасымен Америкаға қоныс аударады. Сол жердегі Колумбия университетін, кейіннен Гарвардың бизнес мектебін бітіреді.

1986 жылы “Access Industries” компаниясын құрады. Ісін жаңа бастаған кәсіпкер логистикалық компанияға капитал салды, кейін ол жүк тасымалы нарығында ірі субъектке айналады. Ол компания әр түрлі салаларға инвестиция тартумен айналысады екен. Ал 1991 жылы “Ренова” деп аталатын ресей-америка бірлескен кәсіпорнының құрылтайшысы болған.

1989 жылы Вексельбергтің "Комвек" кооперативі Иркутск алюминий зауытына 500 т алюминий партиясын сатуға және 7,5 млн рубль (сол уақытта зауыттың жылдық еңбекақы төлеу қоры 16 млн рубльді құрады) табуға көмектесті, деп еске алады Владимир Скорняков, ол кәсіпорында бас металлург болып жұмыс істеді. Содан кейін Блаватник Нью-Йорктегі ИркАЗ өкілдігін ашты.